

V шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі II сессиясының "Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 32 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған XV сессиясының 2013 жылғы 20 ақпандағы N 138 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 наурызда № 2230 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2024 жылғы 3 шілдедегі № 165 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 03.07.2024 № 165 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабы 2 тармағына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі "Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 32 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8 -1-154 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырдағы N 064 (970) "Взгляд на события" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде (бұдан әрі - Ереже):

1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі."

3-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"3. Тұрғын үй көмегі Қарағанды қаласында тұрақты тұратын, осы тұрғын үйде тіркелген отбасыларға (азаматтарға), егер тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметіне, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй ауданы нормасының шегінде, бірақ нақты пайдаланатын жалпы ауданнан, және тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну, байланыс қызметтері, сондай-ақ тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге шығындар нормативтерінен көп емес, осы мақсаттарға шекті-жол берілетін шығыстар үлесінен асатын болса беріледі.

Шекті-жол берілген шығыстар үлесі зейнеткерлік жасқа жетпеген мүгедектер (жалғыз тұратын мүгедектер, мүгедектерден тұратын отбасылар, 18 жасқа дейінгі балалары бар мүгедектер, мүгедектер мен олардың күтімімен айналысатын адамдар) үшін отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 8 пайызы мөлшерінде, өзге санаттардағы азаматтар үшін отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді";

8, 9 тармақтар алынып тасталсын;

13-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"13. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап, табыстар және осы тұрғын үйде отбасы құрамының тіркелуі жөніндегі мәліметтерді тоқсан сайын ұсынумен 1 жыл мерзімге тағайындалады.";

17 тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"4) отбасының табыстарын растайтын құжаттар (жұмыссыздар жұмыссыз ретінде тіркеуі туралы уәкілетті органнан анықтама, үш жасқа дейінгі бала күтімімен айналысатын аналар кәсіпкерлік туралы салық органынан анықтама ұсынады). Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысының есептелу тәртібі "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті

атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы N 471 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7412 болып тіркелген) белгіленген;"

17-тармақтың 7) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"7) коммуналдық қызметтерді пайдалану жайлы шоттар, үйдің жалпы аумағының өлшемін растайтын техникалық төлқұжат, көлемдік немесе баллонды газды алуға есеп шот (түбіртек, анықтама), қатты отын алуға шот (анықтамалар, жүкқұжаттар, шот-фактуралар);";

17-тармақтың 10) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"10) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнының түбіртек-шоты,";

20-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"20. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.";

21-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"21. Тұрғын үй көмегінің көлемі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерге, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының және телекоммуникация қызметін көрсетуге абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуі бөлігінде байланыс қызметінің, жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір

фазалық есептеуіштің құнының шығындарына нақты есептелген төлемнен аса алмайды.";

24-тармақтың 1) және 2) тармақшалары алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін (төрағасы Жанділ Ахуанұлы Мұқтаров).

3. Осы шешім, 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін және 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын, жекешелендірілген тұрғын жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығысын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету бөлігінде Ереженің 1 тармағының бесінші абзацын, 3 тармағын, 17 тармағының 10) тармақшасын, 20 тармағын, 21 тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V шақырылған Қарағанды

қалалық мәслихатының кезекті

XV сессиясының төрайымы

Ю. Бадина

Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы

Қ. Оспанов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарағанды қаласының жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ж. Ысқақов

2013 жылғы 20 ақпан